

Ғарыш объектілері келтірген зиян үшін халықаралық жауапкершілік туралы конвенцияға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 мамырдағы N 107 Заңы

1972 жылғы 29 наурызда Мәскеу, Лондон және Вашингтон қалаларында қол қойылған Ғарыш объектілері келтірген зиян үшін халықаралық жауапкершілік туралы конвенцияға Қазақстан Республикасы қосылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Ғарыш объектілері келтірген залал үшін халықаралық жауапкершілік туралы

Конвенция

(1998 жылғы 11 маусымда күшіне енді - ҚР СИМ-нің ресми сайты)

Осы Конвенцияға қатысушы мемлекеттер, бүкіл адамзаттың ғарыш кеңістігін бұдан әрі бейбіт, мақсатта зерттеу мен пайдалануға жалпы мүдделілігін мойындай отырып,

Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу мен пайдалану жөніндегі мемлекеттердің принциптері туралы шартты еске ала отырып,

ғарыш объектілерін ұшырумен айналысушы қабылдауға тиісті мемлекеттер мен халықаралық үкіметаралық ұйымдар сақтандыру шараларына қарамастан, бұл объектілер кейде залал келтіруі мүмкін екендігін назарға ала отырып,

ғарыш объектілері келтірген залал үшін жауапкершілікке қатысты тиімді халықаралық ережелер мен рәсімдер әзірлеу және, атап айтқанда, осы Конвенцияның негізінде осы залалдың құрбандарына толық және әділ кідіріссіз өтемақы төлеу қажеттігін мойындай отырып,

мұндай ережелер мен рәсімдер ғарыш кеңістігін бейбіт мақсатта зерттеу мен пайдалану саласында халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға жәрдемдесетінін п а й ы м д а й о т ы р ы п .

төмендегі туралы келісті:

I бап

О с ы К о н в е н ц и я н ы ң м а қ с а т ы н д а :

а) "залал" аталымы мерт болу, дене жарақаты немесе денсаулықтың өзгедей бүлінуін; мемлекеттердің немесе жеке немесе заңды тұлғалардың мүлкінің немесе

халықаралық үкіметаралық ұйымдардың мүлкінің құруын немесе бүлінуін білдіреді;

б) "ұшыру" аталымына ұшыру әрекеті кіреді;

с) "ұшырушы мемлекет" аталымы:

i) ғарыш объектісін ұшыруды жүзеге асыратын немесе ұйымдастыратын мемлекетті ;

ii) аумағынан немесе қондырғысынан ғарыш объектісін ұшыру жүзеге асырылатын мемлекетті білдіреді ;

d) "ғарыш объектісі" аталымына ғарыш объектісінің құрамдас бөліктері, сондай-ақ оны жеткізу құралдары мен оның бөліктері кіреді.

II бап

Ұшырушы мемлекет өзінің ғарыш объектісінің Жердің жоғары бетіне немесе ұшып жүрген әуе кемесіне келтірген залал үшін өтемақы төлеуге толық жауапкершілікте болады.

III бап

Егер Жердің жоғарғы бетінен басқа, кез келген жерде бір ұшырушы мемлекеттің ғарыш объектісіне немесе осындай объектісінің бортындағы адамдарға немесе мүлікке басқа ұшырушы мемлекеттің ғарыш объектісі залал келтірген болса, соңғысы залал өзінің кінәсі бойынша келтірілген жағдайда ғана жауапкершілікте болады.

IV бап

1. Егер Жердің жоғарғы бетінен басқа, кез келген жерде бір ұшырушы мемлекеттің ғарыш объектісіне немесе осындай объектісінің бортындағы адамдарға немесе мүлікке басқа ұшырушы мемлекеттің ғарыш объектісі залал келтірген болса, сөйтіп осыдан үшінші бір мемлекетке немесе оны жеке немесе заңды тұлғаларына залал келсе, онда алғашқы екі мемлекет осы үшінші мемлекетке мынадай шектерде бірлескен жауапкершілікте болады :

а) егер үшінші мемлекетке Жердің Жоғарғы бетінде немесе ұшып жүрген әуе кемесіне залал келтірілген болса, онда олардың үшінші мемлекеттің алдындағы жауапкершілігі толықтай болып табылады;

б) егер залал үшінші мемлекеттің ғарыш объектісіне немесе осындай ғарыш объектісінің бортындағы адамдарға немесе мүлкіне Жердің жоғарғы бетінен басқа, кез келген жерде келтірілген болса, онда олардың үшінші мемлекеттің алдындағы жауапкершілігі алғашқы екі мемлекеттік кез келгеннің кінәсінің негізінде немесе осы екі мемлекеттің кез келгені жауап беретін адамдардың кінәсінің негізінде айқындалады.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған бірлескен жауапкершіліктің барлық

жағдайларында залал үшін өтемнің ауыртпалығы алғашқы екі мемлекеттің арасында олардың кінәларының дәрежесін белгілеу мүмкін болмаса, онда өтем ауыртпалығы, олардың арасында тең бөлінеді. Мұндай бөлу үшінші мемлекеттің осы Конвенцияның негізінде бірлескен жауапкершілікте болатын ұшырушы мемлекеттердің кез келгенінен немесе барлық ұшырушы мемлекеттерден залал үшін барлық өтемді талап ету құқығын қозғамайды.

V бап

1. Екі немесе одан да көп мемлекет ғарыш объектісін ұшыруды бірлесіп жүргізсе, олар кез келген келтірілген зала үшін бірлескен жауапкершілікте болады.

2. Залал үшін өтем төлеген ұшырушы мемлекет бірлескен ұшырудың қалған қатысушыларына регресстік талап қою құқығына ие. Бірлескен ұшыруға, қатысушылар өздерінің араларында қаржы міндеттемелерін бөлу туралы келісім жасай алады, ол бойынша олар бірлескен жауапкершілікте болады. Мұндай келісімдер залал келтірілген мемлекеттің бірлескен жауапкершілікті болатын ұшырушы мемлекеттің әрқайсысынан немесе барлық ұшырушы мемлекеттерден осы Конвенцияның негізінде келтірілген залал үшін барлық өтемді талап ету құқығын қозғамайды.

3. Аумағынан немесе қондырғысынан ғарыш объектісін ұшыру жүргізілетін мемлекет бірлескен ұшырудың қатысушысы ретінде қаралады.

VI бап

1. Осы баптың 2-тармағының ережелерін сақтау жағдайында толық жауапкершіліктен босату ұшырушы мемлекет залалдың талап қоюшы мемлекеттің, немесе ол ұсынушы жеке немесе заңды тұлғалардың тарапынан залал келтіру шегінде жасалған тұрпайы ұқыпсыздығының немесе іс-әрекетінің немесе әрекетсіздігінің толық немесе ішінара нәтижесінде болғандығынан қалай дәлелдесе, сондай шамада беріледі.

2. Залал ұшырушы мемлекеттің, атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысын және Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі мемлекеттердің қызметінің принциптері туралы шартты қоса алғанда, халықаралық құқыққа сәйкес келмейтін қызметінің нәтижесі болып табылатын жағдайларда ешқандай босату берілмейді.

VII бап

Осы Конвенцияның ережелері ұшырушы мемлекеттің ғарыш объектісі:

- а) осы ұшырушы мемлекеттің азаматтарына;
- б) шетел азаматтары осы ғарыш объектісіне байланысты операцияларына қатысқан уақытта, оны ұшыру уақытында немесе олар осы ұшырушы мемлекеттің шақыруы

бойынша жоспарланған ұшыру немесе объектінің қайтып оралу ауданында тікелей жақындықта болған кезде оларға келтірген залал жағдайларына қолданылмайды.

VIII бап

1. Өзіне келтірген немесе өзінің жеке немесе заңды тұлғаларына залал келтірілген мемлекет ұшырушы мемлекетке осындай залал үшін өтем туралы талап қоя алады.

2. Егер зәбір шегуші азаматтық мемлекеті талап қоймаған болса, онда басқа мемлекет ұшырушы мемлекетке өзінің аумағындағы кез келген жеке немесе заңды тұлғаға келтірілген залалға қатысты талап қоя алады.

3. Егер зәбір шегуші тараптың азаматтық мемлекеті де, өзінің аумағында залал келтірілген мемлекет те талап қоймаған болса немесе өзінің талап қою ниеті туралы хабарламаған болса, онда басқа мемлекет ұшырушы мемлекетке оның аумағында тұрақты тұратын адамдарына келтірілген залалға қатысты талап қоя алады.

IX бап

Залал үшін өтем туралы талап ұшырушы мемлекетке дипломатиялық каналдар бойынша қойылады. Егер мемлекет тиісті ұшырушы мемлекетпен дипломатиялық қатынаста болмаса, ол аталмыш Конвенцияның негізінде осы ұшырушы мемлекетке деген өзінің талабын білдіруді немесе өз мүдделерін басқадай жолдармен білдіруді өтіне отырып, басқа мемлекетке жүгіне алады. Ол сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы арқылы талап қоя алады, бұл ретте қуынушы мемлекетте, сондай-ақ ұшырушы мемлекетте Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелері болуы керек.

X бап

1. Залал үшін өтем туралы талап ұшырушы мемлекетке залал келтірген немесе залал үшін жауапкершілікте болатын ұшырушы мемлекетті белгілеген күннен бастап бір жылдан астам уақыт өтпей қойылады.

2. Алайда залал келтіргені туралы мемлекетке белгісіз болса немесе егер ол залал үшін жауапкершілікте болатын ұшырушы мемлекетті белгілей алмаса, онда бұл бірінші мемлекет талапты жоғарыда аталған күннен бастап бір жылдың ішінде қоя алады; бұл кезең, алайда, мұндай мемлекет фактілер туралы тиісті күш-жігер жұмсап біле алатын күннен бастап орынды ұйғару бойынша, бір жылдан аспауы тиіс.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында айқындалған мерзімдер тіпті залалдың толық көлемі белгілі болмайтын жағдайда да қолданылады. Алайда қуынушы мемлекеттің талапты қайта қарауға және залалдың толық көлемі белгілі болған соң, бір жылдан кешіктірмей, осындай мерзімдер өтуі бойынша қосымша құжаттама ұсынуға құқығы бар.

XI бап

1. Ұшырушы мемлекетке қуынушы мемлекет немесе ол білдіретін жеке немесе заңды тұлғалар талапты қанағаттандыруға өздерінің иелігінде болуы мүмкін жергілікті қаражатты алдын ала тауысуы үшін осы Конвенцияның негізінде келтірілген залал үшін төлем туралы талап қою талап етілмейді.

2. Мемлекетке немесе ол білдіретін жеке немесе заңды тұлғаларға соттарда немесе әкімшілік мінбелерінде немесе ұшырушы мемлекеттің органдарында талап-арыз ұсынуға, іс қозғауға осы Конвенцияның ешқандай ережесі кедергі жасамайды.

Алайда, мемлекет осы Конвенцияның негізінде соттарда немесе әкімшілік мінбелерінде немесе ұшырушы мемлекеттің органдарында залалға қатысты талап-арыз қозғалған, оның орнын толтыруды немесе мүдделі мемлекеттер үшін міндетті басқа халықаралық келісімнің негізінде оған өтем жасау туралы талап қоюға құқығы жоқ.

XII бап

Осы Конвенцияның негізінде келтірілген залал үшін ұшырушы мемлекет төлеуге міндетті өтемақы жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның атынан қойылатын талаптар, егер залал келтірілмеген болса, жағдай болып қала береді, оларды қалпына келтіруді қамтамасыз ету үшін халықаралық құқық және әділдік принциптеріне сәйкес айқындалады.

XIII бап

Егер талап қоюшы мемлекет пен осы Конвенцияның негізінде өтем төлеуге тиіс мемлекет өтемнің өзге түріне қатысты келісімге келмейтін болса, онда бұл өтем талап қоюшы мемлекеттің валютасында немесе осы мемлекеттің өтініші бойынша өтемді төлеуге тиіс мемлекеттің валютасында төленеді.

XIV бап

Егер IX бапта көзделгеніндей талапты реттеуге дипломатиялық келіссөздер жолымен қол жеткізілмесе, талап қоюшы мемлекет өзінің табалы бойынша ол құжаттама тапсырғанын ұшырушы мемлекетке хабарлаған күннен бастап бір жылдың ішінде мүдделі тараптар тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша Тараптарды қарау жөніндегі комиссия құрады.

XV бап

1. Талаптары қарау жөніндегі комиссия үш мүшеден: талап қоюшы мемлекет тағайындаған Комиссия мүшесінен, ұшырушы мемлекет тағайындаған Комиссия

мүшесінен және екі тарап бірлесіп сайлаған төрағадан тұрады. Әрбір тарап Талаптарды қарау жөнінде Комиссия құру туралы талап қойылған күннен бастап екі айлық мерзімде тиісті тағайындаулар жүргізеді.

2. Егер Комиссия құру туралы талап қойылған күннен бастап төрт айдың ішінде төрағаны сайлауға қатысты келісімге қол жеткізілмеген болса, тараптардың кез келген келесі екі айлық кезеңнің ішінде төрағаны тағайындауды өтініп Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына өтініш жасай алады.

XVI бап

1. Егер тараптардың бірі белгіленген мерзімнің ішінде тиісті тағайындау жүргізбесе, төраға басқа тараптың өтініші бойынша Талаптарды қарау жөніндегі комиссияның дара басшысы ретінде іс-қимыл жасайды.

2. Комиссияда кез келген себеп бойынша ашылуы мүмкін вакансия Комиссия құрамына бастапқы тағайындаулар үшін қабылданған рәсімдер сақталына отырып о р н ы т о л т ы р ы л а д ы .

3. Комиссия өз жұмысының рәсімін өзі белгілейді.

4. Комиссия өз жұмысын жүргізетін орынды немесе орындарды айқындайды және барлық әкімшілік мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

5. Біртұтас комиссия енгізген шешімдер мен айқындаулардан басқа комиссияның барлық шешімдері мен айқындаулары көпшілік дауыспен енгізіледі.

XVII бап

Талаптарды қарау жөніндегі комиссияның құрамын екі немесе одан көп талап қоюшы мемлекет немесе ұшырушы мемлекеттер Комиссия қарайтын кез келген іс бойынша бірлесіп іс-қимыл жасайтын болғандықтан себепті ешқандай көбейту жүргізілмейді. Бірлесіп іс-қимыл жасаушы талап қоюшы мемлекеттер Комиссияның бір мүшесін талапты бір мемлекет қоятын жағдайдағы сондай түрде және сондай ережелерді сақтай отырып ұжымдық түрде тағайындайды. Екі немесе одан да көп ұшырушы мемлекет бірлесіп іс-қимыл жасаған кезде, олар комиссияның бір мүшесін сондай тәртіпте ұжымдық түрде тағайындайды. Егер талап қоюшы мемлекеттер немесе ұшырушы мемлекеттер белгіленген кезең ішінде тиісті тағайындаулар жүргізбесе, онда төраға комиссияның дара басшысы ретінде іс-қимыл жасайды.

XVIII бап

Талаптарды қарау жөніндегі комиссия өтем туралы талаптың негізділігін белгілейді және егер ол төлеуге жататын болса, өтем сомасын айқындайды.

XIX бап

1. Талаптарды қарау жөніндегі комиссия XII баптың ережелеріне сәйкес іс-қимыл ж а с а й д ы .

2. Комиссияның шешімі егер бұл туралы тараптардың арасында уағдаластыққа қол жеткізілген болса, түпкілікті және міндетті болып табылады, өзге жағдайда Комиссия ұсыныстамалық сипаттағы түпкілікті айқындама енгізеді, оны тараптар ізгілік еріктілігі рухында қарайды. Комиссия өзінің шешімінің немесе айқындамасының негіздемесін ж а з ы п б е р е д і .

3. Комиссия өзінің шешімін немесе айқындамасын мүмкін ең қысқа мерзімде және өзі құрылған күннен бастап бір жылдан соң, егер ол бұл мерзімді ұзарту қажет деп таппаса, одан кешіктірмей енгізеді.

4. Комиссия өзінің шешімін немесе айқындамасын жариялайды. Ол сондай-ақ Тараптардың әрқайсысы куәландырған өзінің шешімінің немесе айқындамасының көшірмесін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына да береді.

XX бап

Талаптарды қарау жөніндегі комиссияның жұмысына байланысты шығыстар, егер Комиссия өзге шешім енгізбесе, Тараптардың арасында теңдей бөлінеді.

XXI бап

Егер ғарыш объектісі келтірген залал адамдардың өмірі үшін үлкен ауқында қатер төндіретін болса немесе халықтың өмір жағдайына немесе өмірлік маңызы бар орталықтардың қызметіне елеулі көрініс берсе, онда қатысушы мемлекеттер және, атап айтқанда, ұшырушы мемлекет залал келтірілген мемлекетке, соңғысы бұл жөнінде өтініш жасаса, оған тиісті сөзсіз көмек берудің мүмкіншілік зерделейді. Алайда бұл қатысушы мемлекеттердің осы Конвенциядан туындайтын құқықтарын немесе міндеттерін қозғамайды.

XXII бап

1. Осы Конвенцияда, XXIV-XXVII баптарды қоспағанда, мемлекеттерге сілтеме жасау, егер бұл ұйым осы Конвенцияда көзделген құқықтар мен міндеттерді өзіме қабылдаймын деп мәлімдесе, егер осы ұйымның көпшілік қатысушы мемлекеттері осы Конвенцияның және Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу мен пайдалану жөніндегі мемлекеттердің қызметінің принциптері туралы шарттың қатысушы мемлекеттері болып табылса, кез келген халықаралық үкіметаралық ұйымға қатысты ретінде қаралады.

2. Осы Конвенцияның қатысушысы болып табылатын кез келген осындай ұйымның мүше мемлекеттері ұйымның алдыңғы тармаққа сәйкес жасаған мәлімдемесін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қолданады.

3. Егер қандай да бір болмасын халықаралық үкіметаралық ұйым осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес залал үшін жауапкершілікте болса, онда осы ұйым және оны Конвенцияның қатысушылары болып табылатын оның мүше мемлекеттері бірлескен жауапкершілікте болады, алайда бұл ретте мынадай шарттарды сақтайды:

а) осындай залал үшін өтем туралы кез келген талап бірінші кезекте осы ұйымға б е р і л е д і ;

б) егер ұйым алты айдың ішінде осындай залал үшін өтем ретінде келісілген немесе белгіленген соманы төлемесе, онда талап қоюшы мемлекет осы жағдайда ғана осы Конвенцияның қатысушылары болып табылатын осы ұйымның мүше мемлекеттеріне осы соманы төлеуі үшін жауапкершілігі туралы мәселе қоя алады.

4. Осы Конвенцияның ережелеріне орай осы баптың 1-тармағына сәйкес мәлімдеме жасаған қандай да болмасын ұйымға келтірілген залал үшін өтем төлеу туралы кез келген талапты осы Конвенцияның қатысушысы болып табылатын осы ұйымға мүше мемлекет тапсырады.

XXIII бап

1. Осы Конвенцияның ережелері осы келісімдердің қатысушы мемлекеттерінің арасындағы қатынастар туралы басқа қолданылып жүрген халықаралық келісімдерді қ о з ғ а м а й д ы .

2. Осы Конвенцияның ешбір ережесі мемлекеттердің оның ережелерін растайтын толықтыратын немесе кеңейтетін келісімдер жасауына кедергі жасамайды.

XXIV бап

1. Осы Конвенция барлық мемлекеттердің қол қоюы үшін ашық. Осы баптың 3-тармағына сәйкес осы Конвенцияның күшіне енуіне дейін оған қол қоймаған кез келген мемлекет оған кез келген уақытта қосыла алады.

2. Осы Конвенция оған қойған мемлекеттердің бекітуіне жатады. Бекіту грамоталары мен қосулы туралы құжаттар Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі, Америка Құрама Штаттары және Советтік Социалистік Республикалар Одағы Үкіметтеріне сақтауға өткізіледі, олар осымен депозитарий үкіметтер ретінде тағайындалады.

3. Осы Конвенция бесінші бекіту грамотасы сақтауға өткізілген соң күшіне енеді.

4. Осы Конвенция күшіне енген соң бекіту грамоталары немесе қосылуы туралы құжаттары сақтауға өткізілетін мемлекеттер үшін ол олардың бекіту грамоталары немесе қосылуы туралы құжаттары сақтауға өткізілген күні күшіне енеді.

5. Депозитарий мемлекеттер осы Конвенцияға барлық қол қойғандарды және оған қосылған мемлекеттерді әрқайсының қол қойған күні туралы, әрбір бекіту грамотасының және қосылуы туралы құжаттардың сақтауға өткізілген күні туралы, осы Конвенцияның күшіне ену күні туралы, сондай-ақ басқа да хабарламалар туралы дереу х а б а р л а н д ы р а д ы .

6. Осы Конвенцияны Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысының 102-бабына сәйкес депозитарий мемлекеттер тіркейді.

XXV бап

Конвенцияның кез келген қатысушы мемлекеті осы Конвенцияға түзетулер ұсына алады. Түзетулер осы түзетулерді қабылдаушы, Конвенцияның әрбір қатысушы мемлекеті үшін оларды Конвенцияның көпшілік қатысушы мемлекеттері қабылдағаннан кейін, Конвенцияның әрбір қалған қатысушы мемлекеті үшін олар осы түзетулерді қабылдаған күні күшіне енеді.

XXVI бап

Осы Конвенция күшіне енген соң он жылдан кейін оны қайта қарау туралы мәселе Конвенцияны қолдану тәжірибесінің негізінде ол өзгертуді қажет ете ме деген туралы мәселені қарау үшін біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының алдын ала күн тәртібіне енгізіледі. Алайда Конвенция күшіне енген соң бес жылдан кейін кез келген уақытта қатысушы мемлекеттердің үштен бірінің өтініші бойынша және қатысушы мемлекеттердің көпшілігінің келісімімен осы Конвенцияны қайта қарау мақсатында қатысушы мемлекеттердің конференциясы шақырылады.

XXVII бап

Конвенцияның кез келген қатысушы мемлекеті өзінің Конвенциядан шығатыны туралы ол күшіне енген соң бір жылдан кейін депозитарий мемлекеттерді жазбаша хабарландыру жолымен мәлімдей алады. Мұндай шығу осы хабарламаны алған күннен бастап бір жыл өткен соң күшке ие болады.

XXVIII бап

Ағылшын, испан, қытай, орыс және француз мәтіндері бірдей болып табылатын осы Конвенция депозитарий мемлекеттердің архивіне сақтауға тапсырылады. Осы Конвенцияның тиісті түрде куәландырылған көшірмелерін депозитарий үкіметтер Конвенцияға қол қойған және оған қосылған мемлекеттердің үкіметтеріне жіберетін б о л а д ы .

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУҒА тиісті түрде уәкілеттік берілген төмендегі қол

қоюшылар осы Конвенцияға қол қойды.

Москва, Лондон және Вашингтон қалаларында мың тоғыз жүз жетпіс екінші жылы наурыздың 29-ы күні үш данада ЖАСАЛДЫ.

Ұлттық Аэроғарыш Агенттігі

Бас директорының орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК